

«4 МАУСЫМ – ҚР РӘМІЗДЕР КҮНІ»

2022 жылдың 23-24 сәуірінде Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті «Қазақ тілі және мәдениеті» кафедрасының меңгерушісі, доцент Қ.С. Қалыбекова, ф.ғ.к., доцент К.М. Хамзина, п.ғ.м., аға оқытушылары К.К. Нуржанова, Г.С. Сағатова, Л.М. Кулейменова, М.Т. Оспанғалиевалардың және «Самұрық» пікір-талас клубының ұйымдастыруымен ҚР ЖОО студенттері арасында оффлайн форматта «4 маусым – ҚР Рәміздер күні» тақырыбында республикалық пікір-сайыс турнирі өткізілді.

Турнирдің мақсаты: дебатқа қатысуға қызығушылық танытқан жастардың арасында оқыту және тәлімгерлік ету бойынша іс-шараларды ұйымдастыру. Жастар арасында еліміздің рәміздерін дәріптеу, құрметтеу мәдениетін қалыптастыру, отансүйгіштікке тәрбиелеу, шешендік өнер мен пікірталас мәдениетін дамыту.

Турнирдің міндеті:

1) Білім беру ұйымдары студенттерінің академиялық білім деңгейін арттыру, жалпы мәдени ой-өрістерін кеңейту, шешендік өнері мен сендіру әдісін қалыптастыру, интеллектуалдық, шығармашылық қабілеттерін, зерттеушілік, ұйымдастырушылық, коммуникативті дағдыларын дамыту.

2) Студенттердің позитивті, сыни ойлауын, жүйелі талдау дағдыларын, өзіндік ұстанымын, нақты мәселелерді шешу жолдары мен механизмдерін, дәлелдеу өнерін қалыптастыру.

3) Отансүйгіштік сезімін арттыру, жауапкершілік сезімін дамыту, туған жер, ел мәселелерін талқылауға және шешуге тарту.

4) Студенттер арасында зияткерлік сайыстардағы пікірталастарды кеңінен насихаттау, тәжірибе алмасуға ықпал ету.

Республикалық пікір-сайысқа Қазақстанның барлық өңірлерінің жоғары оқу орындарынан студент жастар қатысты.

Осы аталмыш іс-шараны Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің «Рухани-адамгершілік тәрбие беру» Кеңесі төрағасының орынбасары Түсіпбеков Жарқын Амантайұлы жастарға деген жылы лебізін білдіріп, ашып берді.

Республикалық пікір-сайысқа 20 команда қатысты. Соның ішінде жүлделі орынды иеленгендер:

I орын – «Каспийымды жазып алшы» фракциясы.

II орын – «Қаныш Сәтбаев» фракциясы.

III орын – «Вишневый пирог» фракциясы.

Финалист – «EQ» фракциясы.

«Үздік төреші» – Маратов Ильяс (ҚарТУ).

«Үздік спикер» – Тұңғышбек Арман (ҚарУ).

